

ДЕДЛОКТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН СҰРАҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫМЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ



М. А. ЕСТЕМИРОВ,
КАЗГЮУ Университетінің Азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық іс жүргізу құқығы кафедрасының аға оқытушысы

Мақала корпоративтік құқықтық қатынастардағы «тұйыққа тірелу жағдайының» пайда болу себептерін анықтауға арналған. Аталған ұғымның мазмұны шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне сүйене отырып ашылады. Мақалада акцияны (үлесті) «тұйыққа тірелу жағдайы» аясында иесіз деп тану мүмкіндігі туралы мәселе қарастырылады. «Дедлок» ұғымын отандық заңнамаға енгізу туралы ұсыныс талданады. Отандық және ресейлік соттардың құқыққолдану тәжірибесінің материалдары қарастырылған.

Түйінді сөздер: дедлок, корпорация, корпоративтік басқару, қатысушылардың құқықтары және міндеттері, сот практикасы, шет елдердің тәжірибесі, үлесті мәжбүрлеп сатып алу, үлесті иесіз деп тану жөніндегі депутаттық сауал, қатысушылардың жалпы жиыналысы, сот шешімі.

Іскерлік айналым қатысушылары өзара туындаған мүлкілік дауларын шешу үшін сот тәртібіне жүгінеді. Соңғы жылдардағы статистикалық деректерге сүйенсек, отандық соттарда қаралатын мүлкілік даулардың саны өсе түскен.¹ Осы себепті, сот жүйесінің өз мүмкіндігі шегінде жұмыс істеп отырғандығына және соттарға артылар салмақты жеңілдету мақсатында кешенді шараларды қабылдау қажеттігіне зерттеушілер жиі назар аударады.² Сол себепті, сотқа дейінгі дауды реттестіру механизмдерін ұтымды қолдану мәселесі бүгінгі таңда алдыңғы шепке шығуда. Сонымен бірге, отандық заң шығарушы мен сот жүйесі де нарықтық айналымның тамыр соғысын жіті бақылап отыруы тиіс. Мысалы, медицина саласында сырқаттың дәл және дұрыс диагнозын қоюдың маңызды екендігі баршаға мәлім. Дәл осы секілді, іскерлік айналым қатысушыларының арасындағы даулардың туындау себепін

айқын ұғыну істі қараушы судьяның міндетін жеңілдету түспек.³ Атап айтқанда, отандық соттарда қаралатын корпоративтік даулардың арасында ең жиі кездесетін істердің санатына басқару органдарының шешімдерін даулаудың жататындығы белгілі. Сондай-ақ, отандық нарықта жұмыс істейтін коммерциялық ұйымдарға тән белгілердің бірі ретінде аталған ұйымдардағы қатысушылар санының аса көп еместігін атап айтуға болады.⁴ Демек, заңды тұлғаның атқарушы органы болып табылатын тұлғаның бірмезетте қатысушы мәртебесін де иеленуі отандық іскерлік айналымда аса жиі кездесетін құбылыс. Енді, осы басқару органының шешімін даулаудың әріптес болып табылатын қатысушылардың арасындағы тәсілсіздіктің бар екендігінің белгісі болып табылады. Бұдан сотта қаралатын даудың негізгі түбірі кәсіпкерлік істі жүргізуге байланысты қатысушылардың арасындағы пікір қайшылығында жатқандығын аңғарамыз. Ал енді қатысушылар осы пікір қайшылығын шешу үшін өзге талаптар қоя бастайды. Мысалы, жарғының ережелерін жарамсыз деп тану және т.б. Бұл ретте, мәселенің бергі жағына ғана емес, дауды түпкілікті күн тәртібінен алып тастау үшін мәселеге тереңірек бойлаған жөн. Шетелдік құқық жүйесінде корпорацияны басқаруға қатысты туындаған пікір қайшылықтарының салдарынан қатысушылардың тұйыққа тірелуін, ортақ байламға келе алмауын, шешім қабылдауға қабілетсіз болуын дедлок терминімен сипаттайды. Ал, неміс зерттеушісі Х. Флайшер өзінің еңбегінде былай дейді: «Deadlocks are the Achilles' heel of 50:50 partnerships and corporations /Дедлок, үлесі 50:50 болып бөлінген корпорациялардың Ахиллес өкшесі».⁵

³Осы және сот практикасының өзге де сауалдары бойынша келесідей қайнар көздерді ұсынуға болады: Верховенство права и проблемы его обеспечения в правоприменительной практике: Международная коллективная монография. – 2-е изд., перераб. М.: Статут, 2010; Тлегунова Ф. А. Применение норм гражданского и гражданского процессуального законодательства Республики Казахстан: учебное пособие. Алматы, 2014; Карапетов А. Г. Борьба за признание судебного правотворчества в европейском и американском праве. М.: Статут, 2011.

⁴Степанов Д. И. Экономический анализ корпоративного права // Вестник экономического правосудия Российской Федерации. №9 (31), сентябрь 2016. Б. 114-117. Атап айтқанда, автор өзінің зерттеу еңбегінде жалпылай алғанда, корпоративтік ұйымдардағы қатысушылар санына қарай корпорацияларды жинақы (қатысушылар саны аса көп емес) және шашыраңқы (қатысушылар саны көп) деп жіктелетіндігін жеткізеді. Әр елдегі осы модельдердің қайсысының басымдығына қарай құқықтық реттеу үлгісінің таңдалатындығына назар аударады.

⁵Shoot-Out Clauses in Partnerships and Close Corporations: An Approach from Comparative Law and Economic Theory // Prof. Dr. Holger Fleischer, L.L.M./ Stephan Schneider,

© М. А. Естемиров, 2016

¹Республикадағы сот төрелігін жүзеге асырудың 2015 жылғы қорытындылары туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының есебі: мысалы, 2014 жылы отандық соттарда 730 263 азаматтық іс қаралса, ал 2015 жылы 761 533 азаматтық іс қаралған. Қараңыз: sud.gov.kz (10.11.2016 ж.).

²Узойкин Д. А. О презрении к компромиссу, о мировой сделке и перегруженности российских судов // Проблемы развития частного права: сборник статей к юбилею В.С. Ема / Отв.ред. Е.А. Суханов, Н.В. Козлова. М.: Статут, 2011. 453 б. Мысалы, осы зерттеу еңбегінде АҚШ-ғы 95% істердің, Англиядағы 87% және Батыс Еуропадағы да осы мөлшердегі істердің әдетте, бітімгершілік келісім арқылы аяқталатындығы жайлы деректер келтіріледі.

Дедлок терминінің түбірі ағылшын тіліндегі «*deadlock*» сөзінен бастау алып, қазақша мағынасы «*шарасыз жағдай, тұйыққа тірелу*» ұғымын береді. Мысалы, АҚШ-тың Нью-Джерси штатының Бизнес Корпорациялары жөніндегі Актісінің 14А:12-7 бөлігінде «дедлоктың» мына жағдайда туындайтындығын айтады: «егер «*екі рет өткізілген жылдық жалпы жиналыстағы дауыс беру барысында корпорацияның қатысушыларының дауыстар саны бөлініп, директорды тағайындау мүмкін болмаса*» 1 тармақтың ережелеріне сәйкес сот келесідей жағдайда іске араласуы мүмкін...».⁶ Ал, ресейлік зерттеуші Д.Степанов болса, басқаруға қатысты шешімдердің қабылдануына бірден-бір жауапты тұлғаның корпорация қатысушылары екендігіне назар аударып, ал осы тұлғалардың басқаруға қатысты ортақ бір мәмілеге келе алмауын дедлок ретінде сипаттайды.⁷ Сондай-ақ Д.Степанов келесідей белгілерді дедлокты сипаттайтын критерийлер болуы тиіс деп есептейді: а) мұндай шешімдерді қабылдамастан корпорацияның бұдан арғы қызметті жалғастыруы мүмкін болмайтын жағдайда шешімнің қабылданбауы және ә) осы шешімді қабылдауға бағытталған қатарынан жасалған екі сәтсіз талпыныстың болуы. Сондай-ақ аталған критерийлер заң немесе сот практикасы деңгейінде бекітілуі тиіс деген пайымын ортаға салады.⁸

Сондай-ақ, дедлоктың шығу тәркінінің қатысушылардың арасындағы сенімнің жоқтығынан бастау алатындығына Д. Макдональд өз еңбегінде назар аударады: «...*deadlock can be especially disabling in the closely held corporation in which management and investors are generally the same individuals. Typically, shareholders invest their total assets in the corporation. Quite naturally, they have a paramount concern in the vitality of the business and expect to address this concern by active participation in corporate management. This factor, coupled with the fact that shareholders are generally employees of the corporation, intensifies the interest of the parties. An organizational structure of this nature-in which the investment interests are interwoven with continuous, often daily, interaction among the principals-necessarily requires substantial trust among the individuals.../...әсіресе, қатысушылары және басқару органдары бір болып келетін жабық корпорацияларда туындаған дедлоктан шығу қиынға түседі. Әдетте, қатысушылар өздерінің барлық мүліктерін корпорацияға салады. Сол себепті, бизнестің өміршең болғандығына олардың мүдделі болатындығы табиғи дүние және бұл мүдделілікті олар корпорацияны басқаруға белсене қатысу арқылы білдіреді. Бір жағынан осы фактор және қатысушылардың бірмезетте корпорацияның жұмысшылары болуы екінші жағынан, тараптардың мүдделерін айшықтай түседі. Бұл тұстағы тараптардың мүддесі, ұзақ мерзім жалғасатын, тіпті, күнделікті кездесуді талап ететін әріптестікке байланысты болғандықтан қатысушылардың өзара бір-біріне деген қалтықсыз сенімі талап етіледі.../».⁹*

Дедлокты талдау барысындағы сот органдарының алдында тұратын маңызды сауалдардың санатына «*істі қараушы соттың дедлокқа қатысты реакциясының қандай болуы керек, бұл жағдайды шешудің қандай құқықтық механизмдері бар*» деген мәселелерді жатқызуға болады. Отандық сот практикасына жүргізілген талдау дедлок жағдайына кезіккен отандық соттардың кейбір тұстарда абдырап қалатындығын, ал, кейбір жағдайларда орынды байламдарға келіп жататындығын көрсетуде. Мұны осы жылы қаралған «Фирма Автоторсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әріде – ЖШС) қатысушыларының арасындағы корпоративтік дауға қатысты Алматы қаласындағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2016 жылдың 24 тамызындағы №7527-16-00-2/6050 шешімінен¹⁰ аңғаруға болады. Отандық forbes.kz, kursiv.kz сайттарында жарияланған материалдарға сүйенсек, «Фирма Автоторсервис» ЖШС қатысушыларының арасында басқаруға қатысты пікір қайшылығы яғни, дедлок туындаған.¹¹ Пайымдауымызша, бұл істе қолданылуы тиіс құқықтық нормалардың орнына, қолданбауы тиіс ережелер пайдаланылған. Ал, кейбір істерде дедлокты туындағанын сот органдары тарапынан ашық мойындау фактілері де кездеседі. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2015 жылдың 05 мамырындағы № 2а-1117/2015 ұйғарымында сипатталған іске назар аударсақ. Атап айтқанда, осы істе сот қатысушылардың арасындағы басқаруға қатысты мәселенің серіктестіктің жалпы жиналысында шешілуі тиістігіне, ал соттың бұл мәселеге килігуге құзіретінің жоқтығына сілтеме жасаған еді.¹² Сонымен, біздің пайымдауымызша дедлоктың сипаттарын анықтаған істі қараушы сот, дау тараптарының назарын туындаған дедлокқа аударып, бұл жағдайды шешу жолдарына сілтеме беруі тиіс.

Зерттеу жұмыстарында дедлоктан шығудың әралуан жолдарының барлығына назар аударылады.¹³ Мысалы, Д. Степанов өзінің зерттеу еңбегінде дедлокты шешуі мүмкін тәсілдер ретінде келесілерге назар аударады: 1) қатысушыны корпорациядан шығару; 2) сот тарапынан жүргізілетін қадағалау аясында қатысушылардың бірінің үлесін екіншісінің сатып алуы; 3) қатысушының өзге қатысушылардың алдындағы жауаптылығы жөніндегі жалпы норманы енгізу; 4) соттың (компанияға) басқарушы тағайындауы; 5) соттың шешімі негізінде мәжбүрлі тарату; 6) қатысушының талабы бойынша мәжбүрлі тарату.

Осы тұста, қатысушыны корпорациядан шығару тәсіліне назар аударсақ. Бұл тәсілді отандық заң шығарушы ЖШС-ке қатысты «үлесті мәжбүрлеп сатып алу» деп берген. Осы тұстағы қолданылған «шығару», «үлесті мәжбүрлі сатып алу» терминдерінің қолданылу орындылығына қатысты кезінде С.И. Климкин өзінің бір еңбегінде келесідей пікір білдірген болатын: «*Өндірістік кооператив қолданыстағы заңнамаға*

Max Planck Institute, Hamburg https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=1963118 (10.11.2016 ж.).

⁶What is Corporate Deadlock? By Scott I. Unger Қараңыз: <http://www.njlawblog.com/2013/04/articles/litigation/what-is-corporate-deadlock/> (10.11.2016 ж.).

⁷Степанов Д. И. Дедлоки в непубличных корпорациях: возможные варианты развития законодательства и судебной практики // Вестник экономического правосудия РФ. № 9, 2015. Б. 64 - 65.

⁸Там же. Б. 67-70.

⁹Diane K. McDonald, Deadlock and Dissolution in the Close Corporation: Has the Sacred Cow Been Butchered?, 58 Neb. L. Rev. 791 (1979)// Available at: <http://digitalcommons.unl.edu/nlr/vol58/iss3/8> (10.11.2016). Ал, осы тұстағы жабық корпорацияға американдық зерттеуші проф. Рорлих келесідей анықтама береді: «...the 'close corporation' [is a corporation] wherein all the outstanding stock (there being no publicly held securities of any other class) is owned by the persons (or members of their immediate families) who are active in the management and conduct of the

business». C. Rohlrich, Organizing corporate and other business enterprises., § 4.19, at 125, 4 th ed. 1967.

¹⁰Алматы қаласындағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2016 жылдың 24 тамызындағы №7527-16-00-2/6050 шешімі / sud.gov.kz (20.09.2016).

¹¹Воротилов А. «Автоторсервис» заявил о захвате предприятия // <http://forbes.kz> (05.08.2016).

¹²Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2015 жылдың 05 мамырындағы № 2а-1117/2015 ұйғарымы // sud.gov.kz (30.03.2016).

¹³Shoot-Out Clauses in Partnerships and Close Corporations: An Approach from Comparative Law and Economic Theory // Prof. Dr. Holger Fleischer, L.L.M./ Stephan Schneider, Max Planck Institute, Hamburg https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=1963118 (10.11.2016 ж.).

сәйкес қоғамдық ұйым болып табылмайды. ... (адамды) қоғамдық ұйымнан шығарудың яғни, ұйымға мүшеліктен айырудың ешбір құқықтық салдарлары болмағанымен, өндірістік кооперативтен шығару дегеніміз осы ұйымға мүшеліктен айрылған тұлғаға тиісті төлемдердің жасалатындығын білдіреді. Басқалай айтқанда, мүшесін шығарғалы жатқан кооператив оның үлесін мәжбүрлі сатып алады. Осы себепті, «шығару» терминінің орнына анағұрлым ұтымды «пайды мәжбүрлі сатып алу» термині қолданылғаны жөн.¹⁴ Осы тұстағы қатынасты сипаттау үшін «үлесті мәжбүрлеп сатып алу» терминіне тоқтаған отандық заң шығарушының бұл байламы шетелдік зерттеушілердің де оң бағасына ие болуда.¹⁵

Жалпылай алғанда, ресейлік зерттеуші Д. Степанов іскерлік айналым қатысушыларының арасында қалыптасқан сот практикасының бұл тәсілді бір жағынан, корпорацияға залал келтірген қатысушының кінәлі іс-қимылы үшін жаза ретінде оны корпорациядан шығару үшін қолданылатындығына, ал, екінші жағынан, бұл тәсілдің дедлокты шешу бағытында да кәдеге жарап жататындығына назар аударады.¹⁶

Осы ретте, отандық іскерлік айналымда қалыптасқан мына бір жағдайды да корпорация ісін тұйыққа тірейтін дедлок ретінде сипаттауға болады. Атап айтқанда, бұл ЖШС қатысушысының үлесін иесіз деп тану мүмкіндігіне қатысты мәселе еді. Бұл мәселе 2014 жылы ҚР Премьер-Министрінің атына жолданған арнайы депутаттық сауалға да арқау болды.¹⁷ Шетелдік зерттеушілер әдетте, корпорация ісіне белсене қатысатын қатысушылардың арасында басқару ісіне қатысты пікір қайшылығы туындап, осының салдарынан қажетті басқару шешімдерінің қабылданбауын дедлок ретінде сипаттайды. Ал, біздің жағдайда қатысушылар өздері мүше болып табылатын серіктестік ісіне мүлдем қатыспауда. Дегенмен, бұл өтпелі кезеңді бастан өткеріп жатқан еліміздің экономикасына тән құбылыс. Сол себепті, бұл жағдайды да белгілі-бір деңгейде дедлок санатына жатқызуға болады. Айталық, ЖШС-тің 10 қатысушысы бар. Құрылтай құжаттарында бірқатар сауалдардың қабылдануы үшін қатысушылар дауысының ¾ қажет екендігі бекітілген. Ал, осы серіктестіктегі жарғылық капиталдың 40% иеленетін қатысушылар аталған серіктестікпен байланысын мүлдем үзіп алды. Жылдар бойы серіктестік ісіне қатысқан жоқ. Тұрғылықты мекен-жайлары бойынша жолданған серіктестіктің хабарламалары жауапсыз қалып жатты. Еліміздің уәкілетті органына жолданған сауалдар нәтижесі аталған қатысушылардың өзге мемлекеттерге қоныс аударып, түпкілікті көшіп кеткендігін көрсетеді. Осы ретте, аталған серіктестіктегі шешімдер қалай қабылданбақ? Пайымдауымызша, бұл мәселе белгілі-бір деңгейде іскерлік айналым қатысушыларының қызметінде дағдарыс туындататын фактор болып табылады.

Сонымен, ЖШС жарғылық капиталындағы үлесті иесіз деп тану мүмкіндігіне қатысты отандық сот тәжірибесінде қазіргі таңда үш бағыт қалыптасуда. **Бірінші бағыттағы** істерде сот үлесті иесіз деп

тану туралы талап-арыздарды қанағаттандырмау жайлы байлам жасайды және мұны заттық құқықтық конструкцияларды міндеттемелік қатынастарға қолдануға болмайтындығымен негіздейді.¹⁸ Ал, **екінші бағыттағы** істерде мұндай талап-арыздарды қанағаттандыру жайлы байламдар жасалған. Мұндай шешімнің негіздемесі ретінде қатысушының ұзақ мерзім бойы серіктестікпен байланысты үзіп алғандығы, серіктестіктің қызметіне қатыспайтындығы, тұрғылықты жерінің белгісіздігі сияқты мән-жайлардың себебін серіктестіктің қызметінің дағдарыста екендігі айтылады.¹⁹ Ал, **үшінші бағыттағы** істерде үлесті мәжбүрлеп сатып алу механизмі арқылы бұл сауалды күн тәртібінен алу үрдісі белең алуға.²⁰ Біздің пайымдауымызша, үлесті мәжбүрлеп сатып алу механизмі бұл мәселенің шешімі болуға толықтай қауқарлы. Сол себепті, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі N 2 нормативтік қаулысына келесідей толықтыру ендірілуі тиіс: «ҚР АҚ 242-бабының ережесін қолданып, ЖШС жарғылық капиталындағы үлесті иесіз деп тануға жол берілмейді. Бұл ретте, туындаған мәселені шешу мақсатында үлесті мәжбүрлеп сатып алу әдісі қолданылуы мүмкін». Мұндай байлам шетелдік құқық жүйелерінде де қолданылады. Атап айтқанда, Түркияның Сауда Кодексінің 636-бабының 2-тармағында келесідей ереже бекітілген: «(2) Егер, ұзақ уақыт бойы компанияның басқару органдарының бірі жоқ болса немесе қатысушылардың жалпы жиынаты өткізілмесе, онда қатысушылардың не серіктестік несие берушілерінің бірінің талап етуі бойынша сауда істері жөніндегі сот, жағдайды Заң талаптарына сай түзетуге уақыт беруі мүмкін. Егер, жағдайды түзету мүмкін емес болса, онда сот компанияны тарату жайлы шешім қабылдайды. (3) Компания қатысушыларының кез-келгені осы негіздер орын алаған ретте компанияны тарату туралы талап-арызымен сотқа жүгіне алады. Алайда, сот компанияны таратудың орнына үлестің нарықтық құнын төлей отырып, талап қоюшы-қатысушыны компаниядан шығару жайлы немесе бұл жағдайды реттестіруге икемді және ақылға қонымды өзге де балама шешімді қабылдауы мүмкін...»²¹

ЖШС-те туындағандай дәл осындай жағдай бірнеше жыл бұрын акционерлік қоғамдарға да қатысты туындаған еді. Мысалы, Д.А. Шипп өзінің еңбегінде корпоративтік дау санатына жататын істердің 32% акцияларды иесіз деп тануға қатысты болғандығы жайлы деректерді келтіреді.²² Сол кезеңде, туындаған бұл жағдайға қатысты «Акционерлік қоғамдар жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әріде – ҚР ЖС) 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 8 Нормативтік қаулысының 4-тармағында келесідей жауап берілген еді:

¹⁸Қараңыз: Алматы қалалық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2012 жылдың 07 желтоқсандағы 2а-7069/12 ұйғарымы; ШҚО сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2015 жылдың 16 сәуірдегі 2А-1109-15 қаулысы / sud.gov.kz (20.04.2016).

¹⁹Қараңыз: Алматы қалалық Алматы аудандық сотының 2014 жылдың 14 мамырындағы №2-2066/14 шешімі; Алматы қаласының Бостандық аудандық сотының 2012 жылдың 21 қыркүйегіндегі № 2-4923/12 шешімі /sud.gov.kz (20.04.2016).

²⁰Қараңыз: Алматы қаласындағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2014 жылдың 24 сәуіріндегі № 2-7/14 шешімі / sud.gov.kz (20.04.2016).

²¹Turkish company law / Dr. Fatih Aydogan, Melike Emirler. Istanbul, 2016. Б. 459.

²²Шипп Д. А. Судебная практика защиты прав акционеров (бесхозяйные акции, соглашения акционеров, крупный акционер, оспаривание решений) // Судебная практика применения закона «Об акционерных обществах». Проблемы разрешения споров, связанных с корпоративным управлением. Сборник. Костанай, 2010. Б. 27.

¹⁴Климкин С. И. Производственный кооператив. Учебное пособие. Алматы, 2000. Б. 29.

¹⁵Кузнецов А. А. Исключение участника из общества с ограниченной ответственностью. М.: Статут, 2014.

¹⁶Степанов Д. И. Дедлоки в непубличных корпорациях: возможные варианты развития законодательства и судебной практики. // Вестник экономического правосудия РФ. №9, 2015. Б. 74-75.

¹⁷Аталған мәселе біздің бұған дейінгі мақаламызда да көтерілген болатын. Қараңыз: Естемиров М. А. Жеке құқықтық қатынастарды реттейтін отандық заңнаманы жетілдіру жөніндегі кейбір ойлар // Н.А. Шайкеновті еске алуға арналған («Шайкенов оқулары») «Қазіргі заман жағдайларында жеке адам құқықтарын қамтамасыз ету» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана, 2016. Б. 196-197.

«4. Заңның 14 және 15-баптарына сәйкес акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы, бірақ оған қатысуға міндетті емес. Акционердің жалпы жиналысқа қатыспауы оның өзінің міндеттерін бұзуы деп қаралмауы тиіс.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – АІЖК) 296-бабының ережесі бойынша акционердің қоғам істеріне ұзақ уақыт қатыспауына байланысты оны хабар-ошарсыз кетті деп тануға болмайды.

Акционер қоғамды басқаруға қатыспағанда және оның тұрғылықты жері (тұратын жері) белгісіз болған жағдайларда, қоғам дивидендтерді ол көрсеткен банк шотына не қоғамның дивидендтері бойынша берешегін аудару үшін ашылған акционердің шотына салуы тиіс.

АК-нің 115-бабына сәйкес акция бағалы қағаз ретінде қаржылық құрал түріндегі мүлікке жатады, демек, оны АК-нің 242-бабының ережесін қолданып, иесіз деп тануға жол берілмейді».

ҚР Жоғарғы Сотының бұл ұстанымынан акцияны иесіз деп тануға жол берілмейтіндігін аңғарамыз. Отандық сот практикасы да осы бағытта қалыптасуда.²³ Ал, көршілес өзге мемлекеттердегі сот практикасы басқалай бағытта дамуда. Мысалы, РФ құрамындағы республикалардың біріндегі арбитраждық соттың 2012 жылы қабылдаған шешімінде келесідей байламдар жасалған: «Согласно пункту 1 статьи 6 ГК РФ в случаях, когда предусмотренные пунктами 1 и 2 статьи 2 настоящей Кодекса отношения прямо не урегулированы законодательством или соглашением сторон и отсутствует применимый к ним обычай делового оборота, к таким отношениям, если это не противоречит их существу, применяется гражданское законодательство, регулиющее сходные отношения (аналогия закона).

Суд, принимая во внимание то, что действующее гражданское законодательство относит акции к вещи, не смотря на неопределенность в теории и практики данного вопроса, считает возможным применить нормы закона по данному спору, регулирующие сходные отношения на бесхозяйные движимые вещи, поскольку другие схожие нормы отсутствуют».²⁴ Дәл осыған ұқсас байламдар Мәскеу облыстық арбитраждық сотының 2013 жылдың 31 қазанындағы №А41- 33442/13 шешімінде де жасалған.²⁵ Бұл істерден жалпылай алғанда, ресейлік соттарда акцияны иесіз деп тану тенденциясының барлығын аңғарамыз. Дәл осындай жағдайдың Украина елінде де туындап жатқандығы мәлім.²⁶ Сол себепті, күн тәртібінде

тұрған бұл мәселені шешу мақсатында осы жылы украиналық заң шығарушы арнайы заң жобасын әзірлеп, Жоғарғы Раданың қарауына тапсырды.²⁷ Сондай-ақ шетелдік зерттеушілер бұл мәселені өтпелі кезеңдегі елдерге тән құбылыс ретінде сипаттайды. Мысалы, неміс зерттеушісі Райнер Ведде осы жылы zakon.ru порталы ұйымдастырған вебинар барысында біз тарапымыздан қойылған сауалға акцияны иесіз деп тану мәселесінің неміс іскерлік айналымында жоқ екендігіне назар аударған болатын.²⁸

Бұдан әріде, өздері мүше болып табылатын коммерциялық ұйымның ісіне белсене қатысатын қатысушылардың арасында туындаған дедлоттың шешімі болуға үлесті мәжбүрлеп сатып алу тәсілінің қуаты жететіндігі-жетпейтіндігін талдап көрелік. Мысалы, корпорацияның ішкі қатынастарында туындаған даудың ешбір тарабы корпорацияға залал келтірмесе немесе айталық, туындаған жағдайға әрбір қатысушы кінәлі болса, қайтпек керек? Мұндай жағдайда бір қатысушының үлесін мәжбүрлі сатып алғанымыз қаншалықты орынды?

Бұл ретте, Ресей Федерациясының Жоғарғы Сотының 2014 жылғы 8 қазандағы ұйғарымына арқау болған №306-ЭС14-14 корпоративтік дауға назар аударсақ. Аталған іс РФ Жоғарғы Сотына жетіп, ресейлік Жоғарғы Соттың экономикалық даулар жөніндегі сот Алқасы қатысушыларға тиесілі үлестер тепе-тең осындай жағдайда қатысушылар құрамынан шығару механизмінің тек қатысушылардың өз міндеттемелерін өрескел бұзғандығы не қатысушының іс-қимылының қоғамның қызметін бұдан әрі жалғастыруға мүмкіндік бермейтіндігі немесе қиындата түсетіндігі дәлелденген ретте ғана қолдануға болады деп пайымдайды. Ал, осы дауда бұл айқын емес. Қоғамның қатысушыларының арасындағы бір-біріне деген сенімсіздік деңгейі шарықтау шегіне жеткен ретте және ешбірінің іс-қимылында құқыққа қайшылық айқын байқалмаған ретте тараптарға бұдан әрі корпоративтік қатынастарды жалғастырудың орындылығы туралы мәселені қарастырған жөн. Нәтижесінде, тараптар қоғамды тарату туралы не қатысушылардың бірі қоғамнан өз еркімен шығатындығы жайлы байлам жасауы мүмкін.²⁹ Жоғарыда айтылғандардан, үлесті мәжбүрлеп сатып алудың барлық жағдайда қолдануға жарамды әмбебап тәсіл еместігі жайлы байламға келуге болады.

²³Проект закона Украины от 26.08.2016 №5043 «О внесении изменений в некоторые законы Украины относительно урегулирования вопроса участия акционеров в управлении акционерным обществом» // search.ligazakon.ua (04.12.2016).

²⁴Вебинар «Введение в немецкое корпоративное право», спикер – Райнер Ведде // zakon.ru 1:32-36 минуты. (04.12.2016).

²⁵Определение судебной коллегии по экономическим спорам Верховного Суда РФ от 8 октября 2014 г. N 306-ЭС14-14 http://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/70661564 / (10.08.2015).



²³Постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 24 ноября 2011 г. № 3г-5766-11 (30.09.2016).

²⁴Решение арбитражного суда Карачаево-Черкесской Республики от 18.12.2012 г. № А25- 1139/2012 (25.09.2014).

²⁵Решение арбитражного суда Московской области от 31.10.2013 г. №А41- 33442/13 (25.05.2014).

²⁶Либанов М. О механизме решения регулятором проблемы "спящих акционеров" //youtube.com (04.12.2016).

Негізі, дедлокты шешу кілттерінің бірі ЖШС туралы заңның 61-бабының 2-тармағында жатыр деп пайымдаймыз. Аталған нормада заң актілерінде көрсетілген реттерде серіктестіктің уәкілетті немесе сот органдарының шешімдерімен мәжбүрлі бөлінетіндігі және бөліп шығарылатындығы көрсетілген. Бұл механизм қолданылатын жағдайлардың санатына дедлокты да жатқызуға болады.³⁰

Жоғарыда медициналық диагнозды дұрыс қою маңыздылығына қатысты атап өткеніміздей, аталған жағдайды сипаттайтын ұғымды отандық заңнамаға енгізуді өзін-өзі ақтайтын қажетті қадам деп санаймыз. Сол себепті, қорытындылай келе, дедлок жайлы келесідей ереженің ҚР қолданыстағы заңнамасынан және ҚР ЖС нормативтік қаулыларынан орын алуы тиіс, деп пайымдаймыз: «Қажетті шешімдерді қабылдамаған жағдайда корпорацияның бұдан арғы қызметінің тоқтап қалу қаупі нақты туындаған ретте осы шешімді қабылдау мақсатында қатарынан жасалған үш талпыныстың сәтсіз аяқталуы қатысушылар арасындағы дедлоктың туындағанын көрсететді. Мұндай ретте, істі қараушы сот дау тараптарының назарын туындаған дедлокқа аударып, бұл жағдайды реттестірудің құқықтық механизмдеріне сілтеме беруі тиіс».

М.А. Естемиров: Отдельные вопросы правового регулирования дедлока в законодательстве Республики Казахстан.

Статья посвящена определению причин возникновения так называемых «тупиковых ситуаций» в корпоративных правоотно-

³⁰Қараңыз: Решение Специализированного межрайонного экономического суда г.Алматы от 24 августа 2012 г. №2-1981/12. / sud.gov.kz (10.08.2015).

шениях. Определяется содержание данного понятия с учетом научных трудов зарубежных исследователей. Рассматривается вопрос о возможности признания акций (долей) бесхозными в контексте «тупиковых ситуаций». Анализируются предложения о введении в отечественное законодательство понятия «дедлок». Рассмотрены материалы правоприменительной практики отечественных и российских судов.

Ключевые слова: дедлок, корпорация, корпоративное управление, права и обязанности участников, судебная практика, опыт зарубежных стран, принудительный выкуп доли, депутатский запрос о признании доли бесхозной, общее собрание участников, судебное решение.

M. Yestemirov: Specific issues of legal regulation of deadlock in the legislation of the Republic of Kazakhstan.

The article is devoted to determining the causes of so-called «deadlock» in corporate relations. It determines the content of this concept with reference to scientific works of foreign researchers. The possibility of recognition of shares as ownerless shares was revised in the context of «deadlock». Author analyzes possibility of introducing the concept of «deadlock» to local legislation. During the study of «deadlock» phenomenon author paid attention to the judicial materials of local and Russian courts.

Keywords: deadlock, corporation, corporate governance, the rights and obligations of the shareholders, the judicial practice, the experience of foreign countries, withdrawal and expulsion of shareholder, deputy's request for recognition of the share as a ownerless share, the general meeting of shareholders, the judgment.

НОВЫЕ КНИГИ



Дронзина Т. Медиация (учебно-методическое пособие) / Республиканское государственное учреждение «Қоғамдық келісім» при Президенте Республики Казахстан, Исследовательский институт «Общественное мнение». Астана, 2015. – 320 с.

ISBN 978-601-80368-8-0.

Учебно-методическое пособие «Медиация» подготовлено известным международным медиатором Татьяной Дронзиной, профессором Софийского университета им. Святого Климента Орхидского, международным экспертом НЭС АНК, имеющей многолетний опыт работы в области разрешения конфликтов, медиации, исследований экстремизма и терроризма.

Учебное пособие состоит из трех частей: «Конфликтный анализ», «Общие вопросы медиации» и «Специализированная медиация», примеры основаны на казахстанских и зарубежных кейсах.

Для широкого круга читателей.

Рекомендовано к печати Научно-экспертным советом Ассамблеи народа Казахстана. Рецензенты: Джунусова Ж.Х., д.пол.н.; Телебаев Г.Т., д.философ.н.; Садвокасова А.К., д. соц.н.